

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 19 қаңтардағы № 3 "Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ ауылдық округінің Ақбұлақ ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 11 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 наурызда № 27093 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы, 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1- бабы 8) тармақшасына сәйкес және Шыңғырлау ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2022 жылғы 22 ақпандағы № 19-12/63 ұсынысы негізінде, **ШЕШТІМ:**

1. Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ ауылдық округі Ақбұлақ ауылының аумағында ірі кара малдың жұқпалы ринотрахеит ауруының анықталуына байланысты белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 19 қаңтардағы № 3 "Шыңғырлау ауданы Ақбұлақ ауылдық округінің Ақбұлақ ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №26616 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақбұлақ ауылдық округінің әкімі

С. Байтенова